



«Келісемін»

Түркістан облысының білім
басқармасының басшысы м.а.
А.Садықова
2023 ж.



«Бекітемін»

Мектеп директоры
К.Алиев
2023 ж.

**Түркістан облысының білім басқармасының
«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2026 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

2023 жыл

Мазмұны

1. Мектеп-интернаттың міндеті мен пайымдауы;
2. Ағымдағы жай-күйді талдау;
3. Стратегиялық бағыттары, даму мақсаттары және түйінді нысаналы индикаторлары;
4. Функционалдық мүмкіндіктері;
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл;
6. Ықтимал қатерлер;
7. Бюджеттік бағдарламалар.

**I бөлім. «Дарын» мектеп-интернатының
міндеті мен пайымдауы**

Миссия: оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде сапалы білім беру, өз бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, ұлтжанды, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырған жеке тұлғаның білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасау.

Пайымдауы: Сыни және сындарлы ойлау дағдысы дамыған құзіретті тұлға, кемел ұлт.

II бөлім. Ағымдағы жай- күйді талдау

2011 жылдың 10 қазанында "ОҚО білім басқармасының Мақтаарал ауданының мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты" болып ашылды.

2015 жылдың 30 қаңтарынан "ОҚО білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының Мақтаарал ауданының мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты" болып ашылды.

2016 жылдың 5 сәуірінен бастап "ОҚО білім басқармасының «Мақтаарал ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты" КММ болып қайта ауысты.

2018 жылдың 6 қарашасынан бастап Түркістан облысының білім басқармасының «Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты" КММ болып қайта ауысты.

2019 жылдың 05 қыркүйегінде Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты" болып ауысты.

2023 жылдың 28 тамызында Түркістан облысының білім басқармасының "Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты" болып ауысты.

Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты Мырзашөл өңірінің қабілетті, дарынды балаларына білім-тәрбие беріп отырған іргелі білім ордасы. 300 мыңнан астам тұрғыны бар Мырзашөл өңірінде ең алғашқы болып бой көтерген мектеп-интернат ауданымыздың дарынды жеткіншектерінің білімін шыңдап республикалық, халықаралық жарыстардан жүлделі орындар иеленуіне зор үлесін қосып келеді.

Мұғалімдердің сапалық құрамы:

- басшы-көшбасшы – 1
- бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары – 3
- жоғарғы білімді мұғалім саны – 46
- магистр мұғалім – 16
- педагог-шебер санатты – 14 мұғалім
- педагог-зерттеуші санатты – 5 мұғалім
- педагог-сарапшы санатты – 8 мұғалім
- педагог-модератор санатты – 13 мұғалім

Марапаттары:

- «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі – 1
- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» - 1
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» – 8
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хаты» – 6
- «Үздік көшбасшы - 2023» марапатының иегері - 1
- «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Құрмет грамотасы»-11
- Республикалық «Үздік педагог» 2020жыл және 2021ж иегерлері - 2 мұғалімі
- Облыстық «Үздік педагог- 2022» иегері - 1 мұғалімі
- Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» I-II орын
- Облыс әкімінің «Алғыс хаты» - 6 мұғалім
- Түркістан облысының білім басқармасының «Алғыс хаты» - 19 мұғалім
- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының дарынды балаларды анықтау мен қолдау орталығының «Алғыс хаты» - 17 мұғалім.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша деңгейлік курстарынан өткен мұғалімдер ұстаздар жаңа технология жаңалықтарымен үнемі хабардар етіп, деңгейлік курстар, коучинг сабақтар өткізіп білім деңгейін арттыруға үлес қосуда.

Мұғалімдердің 60% 3- тіл меңгерген, 100% ақпараттық технологияны еркін қолданады. Мектеп-интернаттың барлық мұғалімдері жыл сайын біліктілік арттыру курстарынан өткізіледі. Мұғалімдер арасында Кэмбридж бағдарламасы бойынша шет елде және еліміздегі "Өрлеу" Республикалық біліктілік арттыру курстарынан өткен ұстаздар еңбек етеді.

Мектебімізде «Үш тілділік» курсы бойынша біліктіліктен өткен мұғалімдер информатика пәнінің мұғалімі С.Е. Аширбеков,

А. Аширбеков биология пәнінің мұғалімдері Н.А. Нурмағанбетов, А.Умирзакова, физика пәнінің мұғалімі А. Жусипханов, А.Жораева, химия пәнінің мұғалімі Қ.Тешебаев «Ағылшын тілі» 9 айлық элементарий курсының А1, А2, В1, В2 категорияларын бітіріп, сертификатын алып, қазіргі таңда 8-10 сыныптар аралығында ағылшын тілін сабақтарына кіріктіре отырып білім беріп келеді.

Республикада ең үздік 100 мектептің үштігіне ендік. Ашылғанына он екі жыл болған бұл білім ордасының шығар биігі алда.«Дарын» мектеп-интернат ұжымы білім беруде жоғары сапаға қол жеткізіп, үлгілі педагогикалық шеберлік, шығармашылық ізденіс үстінде шәкірттерге оқу-тәрбие беруде аянбай еңбек етуде.

Мектеп-интернат марапаттары:

- 2015 жыл Оңтүстік Қазақстан облысы білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «Ең үздік мектеп» ГРАМОТАСЫ
- 2015 жыл Оңтүстік Қазақстан облысының қосымша білім беруді дамыту орталығы «Ерліктің даңқы мәңгілік» өнер фестивалінде «Алғыс хат» (І орын)
- 2016 жыл Оңтүстік Қазақстан облысының қосымша білім беруді дамыту орталығының «Алғыс хаты» (ІІ орын)
- 2017жыл Оңтүстік Қазақстан облысының қосымша білім беруді дамыту орталығының «Алғыс хаты» (ІІ орын)
- 2018 жыл Облыс әкімінің 2017- 2018 оқу жылғы ҰБТ нәтижесінің қорытындысы бойынша «Алтын белгі» иегері
- 2021 жыл
- 2022жыл Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толуына орай өтілген «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық өнер фестивалінде ІІ орын.

- 2022 жыл
- 2023 жыл «Жаңа Қазақстан: күшіміз бірлікте!» атты облыстық өнер фестивалінде II орын.
- 2023 жыл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған статистикалық мәліметтерге сәйкес «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп - интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік гранттарды жеңіп алу көрсеткіші бойынша республикамыздағы ең үздік 10 мектептің қатарынан табылды.

Сынып-комплект саны –12, 309 оқушы білім алуда. Жаратылыстану – математикалық бағытта білім береді. Математика, физика, биология, химия, информатика пәндері ағылшын тілінде жүргізіледі. Мектеп-интернаттың педагогикалық ұжымының жұмыс нәтижесінде оқушылардың айтарлықтай жетістіктері байқалады.

2015-2023 жылдар аралығында 399 оқушы бітірді.

- 145-сі «Алтын белгіге»,
- 86-сы «Үздік аттестатқа» бітірген.
- 388-і мемлекеттік грант иегерлері.

Мектеп-интернат ойы ұшқыр, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, қазіргі заман талабына сай, өз елін сүйетін патриот азаматтарды тәрбиелеуде.

Мектеп-интернаты оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарынан зор жетістіктерге жетіп келеді.

Халықаралық пәндік олимпиада	– 6 оқушы
Республикалық пәндік олимпиада	– 7 оқушы
Облыстық пәндік олимпиада	– 135 оқушы
Республикалық ғылыми жоба жарысы	– 9 оқушы
Облыстық ғылыми жоба жарысы	– 113 оқушы

2022-2023 оқу жылында мектеп-интернатымыздың 16 оқушысы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің грантын жеңіп алды. Ал 1 оқушымыз Сүлеймен Демирель университетінің биология мамандығына білім грантын жеңімпазы атанды.

Жалпы түлектер саны	«Алтын белгі»	«Үздік аттестат»	Грантка түскендер
399	145	86	388
Халықаралық жеңімпаздар			
Сапарбек Салдар	Санкт- Петербург математикалық олимпиадасы	I орын	2014 жыл
Тугизбаев Бисенғали		III орын	
Басымбек Сымбат		III орын	
Тогманов Нұрбол	Түркі елдерінің халықаралық байқауы	Сүлеймен Демирель университетінің білім грантының жеңімпазы	2015 жыл
Сапарбек Салдар	Мәскеу қаласында өтілген математика олимпиадасы	Гран при	2016 жыл
Тогманов Мұхаммед	Халықаралық математикалық олимпиада	Гран при	2020 жыл
Тогманов Мухаммед	АҚШ-та өтілген математикалық байқау	Сент Луис университетінің білім гранты	2021 жыл
ЖОО-ға түсу көрсеткіші			
Ұлттық унив.	Мемлекеттік унив.	Халықаралық унив	Шетел унив.

156	87	36	12
Жұмысқа орналасу көрсеткіші			
ЖОО-ны бітіргендер	Мемлекеттік қызметте	Мектепте	Бизнесте
117	26	33	16
	Интернатура	Медицина	жұмыссыз
	16	17	9

Облыстық пән олимпиада мәліметі.

Оқу жылы	Облыс
2015-2016 оқу жылы	4 орын
2016-2017 оқу жылы	8 орын
2018-2019 оқу жылы	21 орын
2019-2020 оқу жылы	14 орын
2020-2021 оқу жылы	14 орын
2021-2022 оқу жылы	23 орын
2022-2023 оқу жылы	21 орын

Мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасы

Мектептің материалдық базасы:

- Оқу кабинеті – 18
- Класс кабинеті -12
- Интерактивті тақтасы бар класс – 10
- Паспортталған кабинет –18
- Зертханалық (арнайы кабинет) – 3
- Спорт зал – 1

- Спорт алаңы -1
- Мәжіліс залы -1
- Мектеп асханасы – 1
- Кітапхана - 1
- Ағылшын тілі кабинеті -1
- Робототехника – 1
- Информатика кабинеті -2
- Мультимедиялық кабинет-1
- Психолог кабинеті – 1
- Би залы – 1
- Мектеп мұрағаты -1
- Жатақхана - 3,4- қабат, 82 бөлме.

Қазіргі таңда мектебімізде 12 сынып бар. Мектеп жаратылыстану-математика бағытында жұмыс жүргізеді. Оқу жылында барлық жоспар бойынша белгіленген сабақтар бекітілген сабақ кестесіне, бекітілген тәрбие жұмыстары жоспарға сай күндері өткізіліп, пән апталықтары белгіленген кестеге сай өз уақытында өтіліп, оқушыларды пән олимпиадаларына, дарынды балаларға тиянақты, сапалы білім беру ісі үздіксіз жүргізілді.

Мектеп -интернатқа 2011 жылғы қазан айынан бастап 1980 жылы салынған ғимарат берілген. Оқу корпусының жалпы ауданы – 6144,1 ш.м., пайдалы ауданы – 5132,0 ш.м., жобалық қуаттылығы – 400 бала, 4 қабатты ыңғайластырылған ғимарат. Сынып кабинеттерінің саны – 18, жаңа модификацияланған химия – 1, физика – 1, биология – 1 кабинеттері, мультимедиялық – 1 кабинет бар.

Жалпы компьютер саны –120 ноутбук, 140 планшет, 40 персоналды компьютерлер интернет желісіне қосылған. Интернет желісінің жылдамдығы 50Мбит/с. Интерактивті тақта саны – 10.

АӘД-ден «Әскери атақ» бөлмесі, шеруге дайындық алаңшары, қаруды сақтауға арналған бөлмелері бар. Кең, жарық спорт залы балалардың бос уақыттарында спорттық секцияларға қатысуына мүмкіндік береді, спорт алаңы бар. 75 орындық АКТ залында түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі.

Кітапханадағы жалпы оқулық қоры – 10716. Оның 9799 мектеп оқулықтары, 917 қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі көркем әдебиет. Оқырмандар интернет желісін пайдалана алады. Кітапхана бөлмесінде оқырмандарға арналған орындар, ақпараттық пункт, каталогтармен жұмыс істеуге арналған орындар, жабық сақтау қорлары бар.

Мектеп-интернат жатақханасы оқу ғимаратының 3-4- қабатында орналасқан. Ғимараттың жалпы ауданы – 4726,0 ш.м., пайдалы ауданы – 3821,0 ш.м., жобалық қуаттылығы – 250 бала, екі қабатты ыңғайластырылған ғимарат. Бір бөлмеде 4 оқушыдан орналастырылған. Демалыс бөлмелері, ата-анамен байланыс орындары жабдықталған.

Мектеп-интернаттың ас блогы мектеп - интернат ғимаратының I қабатында орналасқан. Ас блогының паспорты жасалған. Заманауи технологиямен ас пісіру қолға алынған. Тиісті құрал-жабдықтар (электр пеші, мұздатқыштар, т.б.) санитарлық нормаға сай қойылған. Асхананың эстетикалық безендірілуі жақсы, балалардың талап тілектерін жазуға дәптерлері арналған. Дарынды балалардың тамақтану нормаларына сәйкес ас мәзірі жасалған. Оқушылар 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі, 125 орындық асхана 100% құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет – 3 блогтан тұрады егу бөлмесі, окшауланған бөлме, дәрігер кабинеті. 1 дәрігер, 2 медбике жұмыс істейді. Турникет, сыртқы және ішкі бейнебақылау жүйесі бар.

Мектеп -интернат ұжымы ізденуден талмайтын, ертеңгі ел тұтқасын ұстар жан-жақты, дарынды балаларын білім шыңына жетелеуде аянбай еңбек ете береді. Талабы таудай, қабілет-қарымы мол, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой бола бермек.

III бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, мақсатты индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

1. Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты азаматты қалыптастыру

№	Нысаналы индикаторлар (оның ішінде жоспарлы кездегі аралық көрсеткішті қоса алғанда)	Жоспарлық кезең Ақпарат көзі	Өлшем бірлік	2023 жылғы есеп бойынша	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Түлектердің мемлекеттік грантты иеленуінің көрсеткіші	Әкімшілік есеп	%	92%	95%	97%	100%
2	SAT және IELTS тапсыратын оқушылардың үлесін арттыру	Әкімшілік есеп	%	5%	7%	11%	13%
3	Мектеп түлектерінің әлемдік деңгейде рейтингісі жоғары алғашқы жүздіктегі оқу орындарына түсуін қамтамасыз ету	Әкімшілік есеп	Саны	0	1	1	1
4	Республикалық деңгейдегі олимпиадаларға оқушыларды қатыстыру	Әкімшілік есеп	Саны	1	2	3	5
5	Республикалық ғылыми жоба	Әкімшілік есеп	Саны	8	10	11	13

	байқауларына оқушыларды қатыстыру						
6	Жаңа модификациядағы мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз ету	Әкімшілік есеп	Саны	1	1	1	1
7	Жаңа модификациядағы физика, биология, химия кабинеттермен қамтамасыз ету	Әкімшілік есеп	%	0	1	1	1
8	«Робототехника» кабинетін жабдықтау	Әкімшілік есеп	Саны	1	-	-	1
9	Кең жолақты интернетке қосылу	Әкімшілік есеп	Мбит/сек	20 Мбит/сек	30 Мбит/сек	40 Мбит/сек	50 Мбит/сек

Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары		2023-2024 оқу жыл	2024-2025 оқу жыл	2025-2026 оқу жыл
1	ҰБТ-ға дайындық сабақтарының жүргізілуін бақылау, «Алтын белгі» және «Үздік» аттестатқа бітірушілер туралы сараптама жасау	+	+	+
2	Түлектерге Қазақстандағы және шет ел жоғары оқу орындары туралы ақпарат беріп, мемлекеттік грантты иеленуіне жағдай жасау	+	+	+
3	Сырттай бағалау жүйесін дамыту (ҰБТ, т.б.)	+	+	+
4	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы әлемдік және отандық әдістерді зерделеу	+	+	+
5	Пәндерді жоба негізінде оқыту жүйесін қалыптастыру	+	+	+

6	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жұмыс жүргізу	+	+	+
7	Латын графикасына көшуге дайындық жұмыстарын жүзеге асыру	+	+	+
8	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, жарыстарға оқушыларды қатыстыру	+	+	+
9	Оқушыларды SAT және IELTS емтихандарына дайындау	+	+	+
10	Вариативтік оқу жүктемесінің (таңдау курстарының) оқушылардың сұранысына сай бөлінісін қамтамасыз ету	+	+	+
11	Жаңа үлгідегі пәндік кабинеттермен және мультимедиа кабинеттерімен жабдықтау	+	+	+
12	Кең жолақты интернетке қосылу	+	+	+
13	«Bilimland», «iTest», «Twig» интернет ресурсының оқушылар мен мұғалімдерге қолжетімділігін қамтамасыз ету	+	+	+
14	Оқушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	+	+	+

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері

1.1.2-міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру

	Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері:	Әкімшілік есеп	% Саны	2023 ж	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Жаңа форматтағы аттестаттаудан өткен педагог кадрлардың үлесі			60,7% (17)	75% (21)	90% (25)	100% (28)
2	Педагог-шебер мен педагог-зерттеушінің үлесі	Әкімшілік есеп	% Саны	41,3% (19)	45,6% (21)	50% (23)	54% (25)
5	Латын графикасына байланысты біліктілік арттыру курсынан өткен педагог кадрлардың үлесі	Әкімшілік есеп	Саны	0	0	1	2

6	Әлемдік озық іс тәжірибені меңгеру мақсатында шет елге іс-сапарға баратын мұғалімдердің үлесін арттыру	Әкімшілік есеп	Саны	1	1	1	2
7	Магистр дәрежесіндегі педагог кадрлардың үлесін арттыру	Әкімшілік есеп	% Саны	30,4%(14)	34,7% (16)	39,1% (18)	43,4% (20)
8	Ағылшын тілі курсынан өткен немесе IELTS емтиханын тапсырған жаратылыстану бағытындағы мұғалімдердің үлесі	Әкімшілік есеп	Саны	0	1	1	1
9	Робототехника курсынан өткен информатика пәні мұғалімдерінің үлесі	Әкімшілік есеп	Саны	1	1	1	1
10	Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысу үлесі	Әкімшілік есеп	%	10,8(5)	10,8%(5)	13%(6)	15,2% (7)
11	Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттыру (авторлық бағдарлама, оқулық т.б.)	Әкімшілік есеп	Саны	5	6	7	8
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары					2023-2024 оқу жыл	2024-2025 оқу жыл	2025-2026 оқу жыл
1	Педагог кадрларды жаңа форматтағы аттестаттаудан өткізу				+	+	+
2	Деңгейлік бағдарлама бойынша педагог кадрларды біліктілігін арттыру курсынан өткізу				+	+	+
3	Педагог кадрларды жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткізу				+	+	+

4	Жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдерінің ағылшын тілі курсынан өтуін немесе IELTS емтиханын тапсыруын қамтамасыз ету	+	+	+		
5	Информатика пәні мұғалімдерін робототехникаа» курстарынан өткізу	+	+	+		
6	Педагог кадрларды «Үздік педагог» т.б. кәсіби конкурстарға қатыстыру	+	+	+		
7	Педагог кадрларды кәсіби шыңдау мақсатында семинарлар мен конференцияларға, форумдарға қатыстыру	+	+	+		
8	Педагог кадрлардың ақпараттық сауаттылығын арттыру мақсатында курстарға қатыстыру	+	+	+		
9	Педагог кадрларды нормативтік және ғылыми – әдістемелік, құжаттармен қамтамасыз ету	+	+	+		
10	Педагог кадрлардың ғылыми және шығармашылық жұмыс жасауына, өзіндік білім көтеруіне жағдай жасау, озат тәжірибені тарату	+	+	+		
11	Мұғалім көшбасшылығы мен желілік қауымдастықты дамыту	+	+	+		
12	Тәлім алушы мен тәлімгерлік жұмыстарын жетілдіру	+	+	+		
13	Назарбаев зияткерлік мектептерінің озық тәжірбиесін оқу үдерісіне енгізу, педагогикалық шеберлікті жетілдіру	+	+	+		
Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері						
1.1.3-міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту						
1	Мектеп-интернат жатақханасына жиһаздар мен жабдықтар алу.	Әкімшілік есеп	Саны	125	135	140
2	Кітап сақтайтын және оқу залы бар кітапхана	Әкімшілік есеп	%	-	25%	50%

3	Заманауи компьютерлермен жабдықталған кабинет	Әкімшілік есеп	%	-	15%	25%
4	Тәрбиеленушілерді ғылыми жоба бойынша жылыжай салу.	Әкімшілік есеп	%	25%	25%	50%
5	Мектеп-интернат жатақханасы мен асханасын заманауи үлгіде салу	Әкімшілік есеп	%	-	50%	50%
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары				2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Сынып жиһаздары мен жабдықтар алуды жоспарлау			+	+	+
2	Мектеп-интернат ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу			-	+	+
3	Мектеп-интернаттың жазғы спорт алаңын жасанды жасыл төсеніш (газон) төсеу			+	+	+
4	Мектеп – интернаттың кәріз торабын орталықтандырылған коллекторлық-кәріз торабына қосу			+	+	+
5	Тәрбиеленушілерді олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, конкурстарға моншаға т.с.с. тасымалдауға микроавтобус			+	+	+

2. Стратегиялық бағыты. Балалар мен жастарды дамыту үшін жағдай жасау, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту.

2.1-мақсат. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру.

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері							
2.1.1-міндет. Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы және алдын алу.							
1	Оқушыларға құқықтық тәрбие беру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар саны	Әкімшілік есеп	саны	9	9	9	9
2	Қолайсыз отбасында тәрбиеленушілерді анықтау	Әкімшілік есеп	саны	0	0	0	0

3	«Мектепке жол» акциясы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету	Әкімшілік есеп	саны	2	3	3	3
4	«Тәуекел» тобындағы оқушылардың үлесі	Әкімшілік есеп	саны	0	0	0	0
5	Отбасы құндылықтарын дәріптейтін іс шаралардың санын арттыру	Әкімшілік есеп	саны	9	9	9	9
6	«Әкелер кеңесіне» мүше ата-аналардың үлесін арттыру	Әкімшілік есеп	Саны	12	12	12	12
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары					2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Оқушыларға құқықтық тәрбие беру				+	+	+
2	Психологиялық қызметтің жұмысын жетілдіру				+	+	+
3	Толық емес отбасында тәрбиеленушілерді (ата-анасының бірі қайтыс болған не ажырасқан) анықтау, тәрбиесіне назар аудару.				+	+	+
4	«Мектепке жол» акциясы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету						
5	Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру				+	+	+
6	«Әкелер кеңесінің» жұмысын жетілдіру				+	+	+

2.2-мақсат. Өзін патриот санайтын жастардың үлесін арттыру

2.2-мақсат. Өзін патриот санайтын жастардың үлесін арттыру							
Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері							
2.2.1-міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							
1	Түлектер ассоциациясымен кездесу	Әкімшілік есеп	саны	2	2	2	2

2	Мектеп-интернат парламентінің құрамын жасақтау	Әкімшілік есеп	саны	8	8	8	8
3	Оқушылар парламенті өткізетін іс-шараларға оқушылардың қатысу үлесі	Әкімшілік есеп	%	100%	100%	100%	100%
4	Жастар форумына қатысушылардың үлесі	Әкімшілік есеп	%	10%	10%	10%	10%
4	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына оқушы қабылдау	Әкімшілік есеп	саны	50	60	70	80
5	«Полицияның жас көмекшілері» қатарына оқушы қабылдау	Әкімшілік есеп	саны	4	4	4	4
6	«Елбасы медалін» иеленген оқушылардың үлесі	Әкімшілік есеп	саны	0	4	5	6
7	«Қоғамдық қызмет» әлеуметтік балалар волонтерлік жобасына қатысушылардың үлесі	Әкімшілік есеп	%	10%	10%	11%	12%
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары					2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Түлектер кездесулер жұмысын жетілдіру				+	+	+
2	«Жомарт түлектер» іс-шарасын өткізуді қамтамасыз ету				+	+	+
3	«Жасыл ел» жалпыұлттық бастамасы шеңберінде оқушыларды көгалдандыру жұмыстарына тарту				+	+	+
4	Оқушылар парламентінің жұмысын жетілдіру						

5	Оқушылар парламентін сайлау жұмыстарында әділдік пен шынайылықты қамтамасыз ету	+	+	+
6	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына және «Полицияның жас көмекшілерінің» қатарына оқушы қабылдауды ұйымдастыру	+	+	+

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері							
2.2.2-міндет. Жастарға патриоттық тәрбие беру.							
1	Жалпы оқушылар санынан «Жас қыран» ұйымына мүше оқушылардың үлесі	Әкімшілік есеп	%	100%	100%	100%	100%
2	Оқушылардың Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралармен қамтылуы	Әкімшілік есеп	%	100%	100%	100%	100%
3	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы іс-шараларға оқушыларды қатыстыру	Әкімшілік есеп	%	100%	100%	100%	100%
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары					2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
					+	+	+
1	«Туған жерге» тағзым акциясын ұйымдастыру				+	+	+
2	Ауданның дамуына үлес қосқан қоғам қайраткерлерімен кездесу ұйымдастыру				+	+	+
3	«Қазақтың киелі жерлері» жобасы аясында оқушыларды тарихи орындарға саяхат жасату				+	+	+
5	«Мәңгілік ел» идеясын насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру				+	+	+
7	ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау				+	+	+
9	Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, тарихын насихаттайтын тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру				+	+	+
10	«Ұлттық рухты дамыту» қағидатын іске асыруға арналған іс-шараларды өткізу				+	+	+

1	Мемлекеттік рәміздерді және Конституциямызды құрметтеуге және насихаттауға	+	+	+
2	арналған іс-шараларды өткізу			

3. Стратегиялық бағыты. Білім жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру
3.1-мақсат. Білім жүйесін басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері							
3.1.1-міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту.							
1	Мектеп-интернат директорының менеджмент саласы бойынша курстан өтуі	Әкімшілік есеп	саны	-	1	1	1
2	Оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының курстан өтуі	Әкімшілік есеп	саны	-	1	1	1
Тікелей нәтижелік көрсеткіштерге жету іс-шаралары					2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	Мектеп-интернат директорын менеджмент саласы бойынша курстан өткізу				+	+	+
2	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларды курстан өткізу				+	+	+
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» шараларын ұйымдастыру				+	+	+
4	Қамқоршылық кеңестің жұмысын жетілдіру						

Мектеп-интернаттың стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мектеп-интернаттың стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1	2
1. Стратегиялық бағыт Сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету. 1.1 -мақсат. Мектептегі білімге және оның сапасын арттыруға қол жетімділікті қамтамасыз ету.	1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан : жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауы, 2022 жыл. 2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Стратегиялық бағыт Балалар мен жастарды дамыту үшін жағдай жасау, оларды еліміздің әлеуметтік –экономикалық дамуына тарту. 2.1-мақсат. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру. 2.2-мақсат. Өзін патриот санайтын жастардың үлесін арттыру.	1.«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; 2.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы; 3.«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы; 6.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 «Қазақстан 2020»: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. 7.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген «тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері».

IV бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Мектеп-интернаттың Стратегиялық бағытының атауы, мақсаттары мен міндеттері	Стратегиялық бағытты жүзеге асыру іс-шаралары, мектеп-интернаттың мақсаттары мен міндеттері	Жүзеге асыру кезеңі
1	2	3
1. Стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету		

1.1-мақсат. Мектептегі білімге және оның сапасын арттыруға қол жетімділікті қамтамасыз ету. 1.1.1-міндет. Сапалы білім беру қызметімен қамтамасыз ету.	Педкеңестің, пән бірлестіктерінің, ғылыми- әдістемелік кеңестің әлеуетін тиімді пайдалану; Ақпараттық жүйелерді жетілдіру; Интерактивтік сабақтар мен семинарлар ұйымдастыру; Электрондық оқыту жүйесімен жұмыс жүргізетін жүйе әкімшісінің біліктіліктерін арттыру; Білім бағдарламаларын жүзеге асырудың кадр, қаржы, материалдық-техникалық, басқа да жағдайлары бойынша ғылыми негізделген талаптар әзірлеу; Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында қаражатпен қамтамасыз ету	2023-2026 жылдар
1.1.2-міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру	Педагогикалық шеберлік орталығының, «Өрлеу» АҚ базасында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру	2023-2026 жылдар
1.1.3-міндет. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау және шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ету	Мектеп-интернатта салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне қатысты іс-шаралар мен түрлі сайыстар ұйымдастыру; Акциялар, денсаулық күндерін ұйымдастыру, шығармашылық конкурстар мен жарыстар өткізу	2023-2026 жылдар
2. Стратегиялық бағыт. Балалар мен жастарды дамыту үшін жағдай жасау, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту		
Лицей-интернаттың Стратегиялық бағытының атауы, мақсаттары мен міндеттері	Стратегиялық бағытты жүзеге асыру іс-шаралары, лицей-интернаттың мақсаттары мен міндеттері	Жүзеге асыру кезеңі
1	2	3
2.1-мақсат.Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру. 2.1.1-міндет. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу	Оқушыларға тәрбие сағаттарында құқықтық тәрбие беру; Толық емес отбасында тәрбиеленушілерді (ата-анасының бірі қайтыс болған не ажырасқан) анықтау, тәрбиесіне назар аудару; «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастыру.	2023-2026 жылдар
2.2-мақсат. Өзін патриот санайтын жастардың үлесін арттыру. 2.2.1-міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру. 2.2.2-міндет. Жастарға патриоттық тәрбие беру.	«Жас қыран» ұйымының, Оқушылар Парламентінің жұмысын жетілдіру, әкімшілік тарапынан қолдау көрсету	2023-2026 жылдар

3. Стратегиялық бағыт. Білім беру жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру.		
Мектеп-интернаттың Стратегиялық бағытының атауы, мақсаттары мен міндеттері	Стратегиялық бағытты жүзеге асыру іс-шаралары, мектеп-интернаттың мақсаттары мен міндеттері	Жүзеге асыру кезеңі
1	2	3
3.1-мақсат. Білім жүйесін басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру. 3.1.1-міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту.	Мектеп – интернат директоры мен орынбасарларын мемлекеттік тапсырыс бойынша менеджмент саласында біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өткізу	2023-2026 жылдар

V бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

№	Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттердің көрсеткіштері	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Мемлекеттік органдар жүзеге асыратын шаралар
	1	2	3
1 Стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету 1.1- мақсат. Мектептегі білімге және оның сапасын арттыруға қол жетімділікті қамтамасыз ету. 1.1.1-міндет. Сапалы білім беру қызметімен қамтамасыз ету			
1	Жаңа модификациядағы лингафон, мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз ету	Мектеп әкімшілігі	Мектеп-интернатты лингафон, мультимедиа кабинеттерімен жабдықтау; Лингафон, мультимедиа кабинеттерінің сервистік қызмет көрсетуін жүзеге асыру.
2	Жаңа модификациядағы физика, химия, биология, кабинеттерімен жабдықтау	Мектеп әкімшілігі	Жаңа модификациядағы пәндік физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықтау; Жаңа модификациядағы физика, химия, биология кабинеттеріне сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру.
3	Кең жолақты интернет желісіне қосу	«Қазақтелеком» АҚ, Мектеп әкімшілігі	Кең жолақты интернетке қосылу; Ықпал ету: -Интернеттің оптикалық талшықты желісін дамыту; -Интернет желісіне сымсыз технология арқылы қол жеткізу қызметтерін дамыту жағдайларын жасау.
4	«Bilimlend» электронды жүйесін енгізу	«Қазақтелеком» АҚ, Мектеп әкімшілігі	-Интернетке 10Мбит/сек жылдамдығы бойынша қосылу; Мектеп-интернатты сайтының сапалылығын қамтамасыз ету, жетілдіру; Ұлғайту: - Сандық білім ресурстарының авторлары болып табылатын оқытушылар саны; - Жүйе әкімшісі мен тұтынушыларының саны.
5	Жан басын қаржыландыру механизмін ендіру		
6	Қамқоршылық кеңестер құру	Мектеп әкімшілігі	Мектеп-интернат Қамқоршылық кеңес құру; Қамқоршылық кеңес жұмысының тиімділігіне сараптама жүргізу.

1.1.2- міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру		
1	Жаңа форматтағы аттестаттаудан өткен педагог қызметкерлердің үлесі	Мектеп әкімшілігі Білікті педагогтар тәжірибесін қолдау мен насихаттау
2	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагог кадрлардың үлесі	Мектеп әкімшілігі Бюджеттен қаражат бөлу
3	Педагогтардың жалпы санынан ағымдағы жылы жаңадан келген жас мамандар үлесі	Мектеп әкімшілігі Жас мамандарды білім ұйымдарына жұмысқа тарту
4	Деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен педагог кадрлар үлесін арттыру	Мектеп әкімшілігі Бюджеттен қаражат бөлу
5	Мектеп директорын мен орынбасарларын менеджмент саласында мемлекеттік тапсырыспен біліктілігін арттыру курстары мен қайта даярлаудан өткізу	Мектеп әкімшілігі Мектеп директоры мен орынбасарларын менеджмент саласында мемлекеттік тапсырыспен біліктілігін арттыру курстары мен қайта даярлаудан өткізіп отыру
1.1.3 - міндет. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау және шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал ету		
1	Оқушыларды спорт секцияларына қатыстыру	Мектеп әкімшілігі Дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын жетілдіру; Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту; Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында оқу жылы барысында балалар денсаулығына сараптама жүргізу; Спорт үйірмелерінің жұмысын жетілдіру.
2. Стратегиялық бағыт. Балалар мен жастарды дамыту үшін жағдай жасау, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту		
2.1- мақсат. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру		
2.1.1-міндет. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу		
1	Жетім және толық емес отбасының балаларын анықтау	Мектеп әкімшілігі Сенім телефондарының жұмысын ұйымдастыру; Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері туралы ақпарат беру; Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының ережелерін насихаттау; Отбасы және отбасылық тәрбие құндылықтарын насихаттау.
2.2-мақсат. Өзін патриот санайтын жастардың үлесін арттыру		
2.2.1-міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру		

1	Түлектер ассоциацияның жұмысын жетілдіру	Мектеп әкімшілігі	Түлектер ассоциациясының лицейдің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарына үлес қосуын қамтамасыз ету
2	Оқушылар Парламентінің жұмысын жетілдіру	Мектеп әкімшілігі	Өзін-өзі басқару жүйесін дамыту; Оқушылар Парламентінің беделін арттыру; Мектеп-интернат әкімшілігі тарапынан қолдау көрсету; Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты ұсыныс жасауға, шешім қабылдауға қалыптастыру.
2.2.2-міндет. Жастарға патриоттық тәрбие беру			
1	«Жас қыран» ұйымының жұмысын жетілдіру	Мектеп әкімшілігі	Слет, форум, конференция, т.б. іс –шараларға қатыстыру
3. Стратегиялық бағыт. Білім жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру			
3.1-мақсат. Білім жүйесін басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру			
1	Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту	Мектеп әкімшілігі	Мектеп-интернат директоры мен орынбасарларын мемлекеттік тапсырыс бойынша менеджмент саласында біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өткізу

VI. Бөлім. Ықтималдарды басқару

Мүмкін болатын ықтимал атауы	Ықтималдарды басқару бойынша шаралар қолданылмаған жағдайда мүмкін болатын салдарлар	Ықтималдарды басқару шаралары
1	2	3
Сыртқы ықтималдар		
Әлемдік қаржы дағдарысы	Бюджет қаражатының жетіспеуі	Маңызы азғантай шығыстарды қысқарту
Ішкі ықтималдар		
Жастар арасындағы қауіптің артуы (кылмыс, нашақорлық, суицид, т.б.)	Оқушының өміріне қауіп төнеді	Қылмыс, нашақорлық, суицидтің алдын-алу шаралары ұйымдастырылады. Психологиялық қызметтің жұмысы жетілдіріледі.
Әлеуметтік желілердің теріс ықпалы	Оқушыда психологиялық өзгерістер пайда болады. Уақытын тиімді пайдалана алмайды	Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті сайттардан басқа сайттарға кіруге тыйым салынады. Әлеуметтік желілілердің пайдасы мен зияны жөнінде ақпарат беріледі